

## ХАТТАМА

Күні: 16.02.2022жыл

Қатысқандар: 24  
Қатыспағандар: 4

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Қазақстанның 2022 - 2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы». Жауапты: комплаенс-офицер Акышова А.А

#### 1.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комплаенс-офицер Акышова А.А «Қазақстанның 2022 - 2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы» тақырыбында баяндады.

Мемлекет Басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспардың 88-тармағын іске асыру үшін Агенттік келесі бес жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасын, сондай-ақ оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірленгендігін айтты.

Тұжырымдамада нақты реформалар мен жобаларды қамтитын мына міндеттердің 6 блогына тоқталды:

**БІРІНШІ БЛОК** сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыруға арналған.

Шаралардың **ЕКІНШІ БЛОГЫ** сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін барынша азайтуға бағытталған.

Шаралардың **ҮШІНШІ БЛОГЫ** жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

**ТӨРТІНШІ БЛОК** – бұл азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға одан әрі ауқымды тарту жөніндегі шаралар.

**БЕСІНШІ БЛОК** сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мониторингіне арналған.

**АЛТЫНШЫ БЛОК** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Толық ақпарат Қостанай қаласы әкімдігінің ресми сайтында орналастырылғандығын айта өтті.

#### Сөйледі:

Кәсіподақ төрайымы Әбішова Ботакөз Асылбековна жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылып жатқандығын айтты. Қызметкерлер әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді

сақтап,максаты нәтижелерге жету үшін,өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар деп өз ойын білдірді.

**ҚАУЛЫ:**

1. Ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды одан әрі жетілдіру,жемқорлықтың алдын-алу жұмыстарын жүзеге асыру.

Комплаенс офицер:



Акышова А.А.

Хатшы:



Молдахметова Г